

**«Көлсай көлдері» МҰТП
РММ директорының
2026 жылғы «__» _____
№ __ бұйрығымен
Бекітілді**

**«Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі РММ
учаскелерін қысқа мерзімді пайдалануға беру туралы
конкурстық құжаттама**

1-тарау. Кіріспе

Осы конкурстық құжаттама конкурс ұйымдастырушысы тарапынан қысқа мерзімді пайдалануға учаскелер алу үшін конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті қатысушыларға ұсынылады. Участкелер рекреациялық жүктеме нормаларын ескере отырып, уақытша объектілерді (шатырлы лагерьлер, қоғамдық тамақтану объектілері, бивуак алаңдары мен шолу алаңдары, жағажайлар, қайық станциялары, велосипедтер мен су көлігі түрлерін және жағажай жабдықтарын жалға беру пункттері) орналастыру үшін, сондай-ақ ара шаруашылығымен айналысуға қажетті уақытша құрылыстарды салумен бірге стационарлық омарталарды орналастыру үшін беріледі. Тарихи-мәдени мұра объектілері орналасқан учаскелер конкурсқа шығарылмайды. Участкелер туристік соқпақтар мен маршруттар бойында, сондай-ақ олардан бөлек, экотуризм инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына сәйкес ұсынылады.

Конкурстық құжаттама Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 5 наурыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 наурызда № 27066 болып тіркелген) Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидалары талаптарына, сондай-ақ «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі РММ туризм инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына сәйкес әзірленді.

Конкурс нысанасы

1. Осы Конкурстық құжаттама конкурсқа қатысудың шарттары туралы әлеуетті қатысушыларға толық ақпарат беру мақсатында әзірленді.

2. Конкурсты ұйымдастырушы — «Көлсай көлдері мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Конкурс ұйымдастырушысы).

3. Конкурс «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында уақытша объектілерді орналастыру үшін учаскелерді қысқа мерзімді пайдалануға алу мақсатында әлеуетті қатысушыларды айқындау үшін келесі лоттар бойынша өткізіледі:

№ 1 лот. Участкенің орналасқан жері: Қарабұлақ орманшылығы, Қайыңды шатқалы, 32 орам, 61 телім. Объектінің атауы: қоғамдық тамақтану объектісі. Ауданы: 0,003 га.

№ 2 лот. Участкенің орналасқан жері: Қарабұлақ орманшылығы, Қайыңды шатқалы, 23 орам, 16 телім. Объектінің атауы: қоғамдық тамақтану объектісі. Ауданы: 0,035 га.

№ 3 лот. Учаскенің орналасқан жері: Көлсай орманшылығы, Көлсай шатқалы, 9 орам, 22 телім (автотұрақ маңында). Объектінің атауы: қоғамдық тамақтану объектісі. Ауданы: 0,005 га.

№ 4 лот. Учаскенің орналасқан жері: Көлсай орманшылығы, Көлсай шатқалы, 9 орам, 22 телім. Объектінің атауы: шолу алаңдары. Ауданы: 0,001 га.

№ 5 лот. Учаскенің орналасқан жері: Көлсай орманшылығы, Көлсай шатқалы, 9 орам, 22 телім. Объектінің атауы: шатырлы лагерьлер. Ауданы: 1 га.

№ 6 лот. Учаскенің орналасқан жері: Көлсай орманшылығы, Көлсай шатқалы, 9 орам, 22 телім. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Ауданы: 0,0030 га.

Әлеуетті қатысушылардың құқықтық қабілеттілігі мен біліктілігі

4. Конкурса Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары жіберіледі.

5. Конкурстың әлеуетті қатысушысы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен мерзімдерге сәйкес конкурстық өтінімді дайындап, оны ұлттық паркке тіркеу үшін мөрленген конвертте ұсынады. Конкурстық өтінім тіркелген сәттен бастап өтінім ұсынған тұлға конкурс қатысушысы мәртебесіне ие болады.

6. Конкурстық комиссия отырыстарына конкурстың әлеуетті қатысушысының ресми өкілі қатыса алады.

2-тарау. Конкурстық құжаттама. Конкурстық құжаттаманың мазмұны.

7. Ұлттық парк конкурстық құжаттаманы қалыптастырады, оған мыналар кіреді:

- 1) бас жоспарға сәйкес қалыптастырылған конкурса шығарылатын лот (лоттар);
- 2) конкурсты өткізу уақыты мен орны туралы ақпарат;
- 3) конкурстық өтінімдерді ұсыну тәсілі, орны және соңғы мерзімі, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімі;
- 4) учаскені пайдалануға беру шарттары, оның нысаналы мақсаты (№1 қосымша);
- 5) учаскелердің ауданы көрсетілген және сызбасы қоса берілген жер учаскесін таңдау актілері.

8. Конкурстың әлеуетті қатысушысы конкурстық құжаттамада және оған қоса берілген қосымшаларда қамтылған барлық талаптарды, нысандарды, шарттарды және техникалық ерекшеліктерді зерделеуі тиіс.

9. Әлеуетті қатысушы туризм және рекреация объектісін орналастыруға арналған учаскені және оған іргелес аумақты барып көруге және қарап шығуға құқылы.

10. Әлеуетті қатысушы өзінің конкурстық өтінімін дайындауға және ұсынуға байланысты барлық шығындарды өзі көтереді. Конкурс ұйымдастырушысы мен конкурстық комиссия конкурс нәтижесіне қарамастан бұл шығындар бойынша жауап бермейді және міндеттеме алмайды.

11. Конкурстық құжаттаманың көшірмесі конкурс ұйымдастырушысы тарапынан ұсынылады.

Конкурстық құжаттамаға түсіндірме беру тәртібі

12. Конкурстық құжаттаманың жобасы конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланғанға дейін он күнтізбелік күн бұрын конкурс ұйымдастырушысының ресми интернет-ресурсында орналастырылады. Конкурстық құжаттама жобасын әлеуетті қатысушылардың алдын ала талқылау мерзімі бес күнтізбелік күнді құрайды.

13. Конкурстық құжаттама жобасына қатысты сұрақтар туындаған жағдайда, оны талқылауға қатысатын тұлғалар конкурс ұйымдастырушысына конкурстық құжаттаманың

ережелерін түсіндіру және қажет болған жағдайда оған негізделген ұсыныстар енгізу туралы жазбаша сұрау жолдайды.

14. Конкурстық құжаттама жобасына ескертулер мен ұсыныстар болмаған жағдайда, конкурстық құжаттама конкурс ұйымдастырушысы тарапынан бір жұмыс күні ішінде бекітіледі. Ескертулер мен ұсыныстар болған жағдайда, Ұлттық парк жанындағы үйлестіру кеңесі конкурстық құжаттаманы алдын ала талқылау мерзімі аяқталған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде мынадай ұсыныстардың бірін енгізеді:

- 1) конкурстық құжаттама жобасына өзгерістер енгізу және (немесе) толықтыру;
- 2) конкурстық құжаттама жобасына берілген ескертулерді оларды қабылдамау себептерін негіздей отырып, қабылдамау;
- 3) конкурстық құжаттама ережелеріне түсіндірме беру.

Алдын ала талқылау қорытындысы бойынша Ұлттық парк бір жұмыс күні ішінде тиісті хаттамаға қол қояды, онда конкурстық құжаттама жобасына келіп түскен ескертулер мен үйлестіру кеңесінің қабылдаған ұсыныстары туралы ақпарат қамтылады.

Конкурс ұйымдастырушысы алдын ала талқылау хаттамасына қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде осы тармақтың бесінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірін қабылдайды. Осыдан кейін конкурстық құжаттама жобасын алдын ала талқылау хаттамасы және бекітілген конкурстық құжаттаманың мәтіні Ұлттық парктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Конкурстық құжаттама көрсетілген шешімдердің бірі қабылданған күннен бастап бекітілді деп есептеледі.

3-тарау. Конкурстық өтінімнің мазмұны

15. Конкурс қатысушысы мынадай құжаттарды ұсынады (мемлекеттік немесе орыс тілінде):

- 1) лоттар көрсетілген конкурсқа қатысу туралы еркін нысандағы конкурстық өтінім;
- 2) заңды тұлғалар үшін – жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі; жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) ұлттық парк учаскесін пайдалану және абаттандыру жоспары, оның ішінде мемлекеттік табиғи - қорық қоры объектілерін, сондай-ақ оның аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау жөніндегі іс-шаралар, санитариялық - гигиеналық және өртке қарсы іс-шаралар;
- 4) уақытша объектілерді орналастыру үшін жеткілікті қаржылық қаражаттың болуы немесе қарыз қаражатына қол жеткізуі туралы не тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы туралы құжаттар;
- 5) табиғи кешендер мен мемлекеттік табиғи - қорық қоры объектілерінің, сондай-ақ оның аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған ұсынылатын қызметтер мен жұмыстардың тізбесі, жергілікті халық үшін жаңа жұмыс орындарын құруды және мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдай жасауды ескере отырып;
- 6) табиғи кешендерді туристік және рекреациялық мақсаттарда, туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерді пайдаланғаны үшін ұсынылатын баға.

Конкурсқа қатысуға өтінім өтініш беруші тарапынан тігілген, беттері нөмірленген түрде ұсынылады және соңғы беті оның қолымен куәландырылады.

4-тарау. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді мөрлеу және таңбалау

16. Конкурстың әлеуетті қатысушысы конкурстық өтінімді конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен мерзімдерге сәйкес дайындап, оны тіркеу үшін ұлттық паркке мөрленген конвертте ұсынады. Конвертте мынадай мәліметтер көрсетілуі тиіс:

1) әлеуетті қатысушының атауы және толық пошталық мекенжайы (егер конкурстық өтінім «кешіктірілген» деп танылса, оны ашпай қайтару мақсатында);

2) конкурс ұйымдастырушысының атауы және толық пошталық, электрондық мекенжайы: «Көлсай көлдері мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, 041422 пошталық индексі, Алматы облысы, Кеген ауданы, Саты ауылы, Ұлтараков көшесі, 48, тел.: 8 (72777) 2-76-73, 2-76-80, 2-76-85, e-mail: kolsai07@mail.ru.

Конкурстық өтінімдерді ұсыну орны және соңғы мерзімі

17. Конкурстық өтінімдер конкурс ұйымдастырушысына қолма-қол немесе пошта арқылы мына мекенжайға ұсынылады: 041422 пошталық индексі, Алматы облысы, Кеген ауданы, Саты ауылы, Ұлтараков көшесі, 48, «Көлсай көлдері мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, экологиялық ағарту және туризм бөлімі. Конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2026 жылғы 19 наурыз сағат 17:30-ге дейін.

18. Конкурс ұйымдастырушысы (немесе оның жауапты тұлғасы) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін алған барлық өтінімдер қабылданбайды, ашылмайды және оларды ұсынған әлеуетті қатысушыларға қайтарылады.

Конкурстық өтінімдерге өзгерістер енгізу және оларды кері қайтарып алу

19. Әлеуетті қатысушы конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін кері қайтарып алуға құқылы.

Конкурстық өтінімдерді ұсыну

20. Конкурстық өтінімдер осы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес ұсынылуы тиіс.

5-тарау. Конкурстық өтінімдерді ашу және бағалау

Конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашуы

21. Қатысып отырған әлеуетті қатысушылардың уәкілетті өкілдері әлеуетті қатысушыларды тіркеу журналында тіркелуі тиіс.

22. Конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді қарау үшін Ұлттық парк Комиссия отырысын өткізеді.

Комиссия отырысында Комиссия хатшысы қатысып отырған Комиссия мүшелерінің қатысуымен конкурсқа қатысуға берілген өтінімдер салынған конверттерді кезекпен ашады және өтініш берушінің атауын әрі конверттердің ішіндегі құжаттардың мазмұнын жариялайды.

Комиссия отырысында Комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді ашу және қарау хаттамасын жүргізеді.

Ашылған конкурсқа қатысу өтінімдері олардың мазмұнын тексеру үшін кезекпен Комиссияның әрбір мүшесіне беріледі.

Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуі немесе бірнешеуі болмаған және (немесе) өтініш белгіленген талаптарға сәйкес толтырылмаған жағдайда, конкурсқа қатысуға өтінімдер қарауға қабылданбайды.

23. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу нәтижелері бойынша конверттер ашылған күні Комиссия хатшысы конверттерді ашу хаттамасын жасайды, оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Осы хаттаманың куәландырылған көшірмелері конкурс қатысушыларына ұсынылады.

Конкурстық өтінімдерді алдын ала зерделеу және қарау

24. Конкурстық өтінімдерді бағалау Комиссия тарапынан конверттер ашылған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

25. Өзге үміткерлер болмаған жағдайда, осы Қағидалардың 47-тармағында көзделген құжаттардың толық тізбесін ұсынған жалғыз конкурс қатысушысы конкурс жеңімпазы деп танылады.

26. Өтінімдер болмаған және (немесе) конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттар Комиссия тарапынан осы Қағидалардың 47-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесіне сәйкес келмейді деп танылған жағдайда, конкурс өтпеді деп есептеледі.

27. Конкурс жеңімпазын қатысушылар арасынан таңдау Комиссия отырысында, Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда жүзеге асырылады. Комиссия шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы берілген жағдайда қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп танылады.

Комиссияның кез келген мүшесі Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, өзінің ерекше пікірін жазбаша түрде білдіріп, оны Ұлттық парк учаскелерін қысқа мерзімді пайдалануға беру жөніндегі конкурс қорытындыларының хаттамасына (бұдан әрі – конкурс қорытындыларының хаттамасы) қоса тіркейді.

Комиссия отырыстары онлайн-трансляция ұйымдастырыла отырып, нақты уақыт режимінде өткізіледі және отырысқа қатысушылардың кедергісіз қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

Комиссия отырысының бейне-аудио жазбасына сілтеме Комиссия отырысы өткізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Ұлттық парктің интернет-ресурсында орналастырылады.

6-тарау. Конкурс қорытындылары және шарт жасасу

28. Әрбір лот бойынша конкурс қорытындыларының хаттамасына отырысқа қатысқан Комиссияның барлық мүшелері және хатшы қол қояды және ол осы Қағидалардың 30-тармағына сәйкес ақпаратты қамтиды.

29. Конкурс қорытындыларының хаттамасы негізінде Ұлттық парк бес жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазына конкурс нәтижелері туралы хабарлама жібереді және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Шарт жасасады.

Шарт жасалғаннан кейін конкурс жеңімпазы Ұлттық парк учаскесінің Пайдаланушысы болып танылады.

30. Конкурс жеңімпазы өзіне хабарлама жіберілген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде Шарт жасасуға келмеген жағдайда, бұл Ұлттық парк учаскесін пайдаланудан бас тарту ретінде қарастырылады.

Комиссия Ұлттық парк учаскесін қысқа мерзімді пайдалануға неғұрлым тиімді шарттар ұсынған қалған конкурс қатысушыларының арасынан жеңімпазды айқындайды және (немесе) аталған лот осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен келесі конкурсқа шығарылады.

31. Конкурс нәтижелері және конкурс қорытындыларының хаттамасы конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Ұлттық парктің ресми интернет-ресурсында жарияланады.

32. Конкурс қатысушысы Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда, сотқа жүгіну Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабында көзделген сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жүзеге асырылады.

Техникалық спецификация
Жер телімдерін пайдалануға беру шарттары және олардың нысаналы мақсаты:

Жер телімі №.	Нысандардың атауы	Техникалық ерекшеліктің мазмұны мен талаптары
№ 1 лот. Учаскенің орналасқан жері: Қарабұлақ орманшылығы, Қайыңды шатқалы, 32 квартал, 61 телім. Нысанның атауы: Қоғамдық тамақтану нысаны, ауданы 0,003 га.		
1	Жоспарланатын іс-шаралар	Қоғамдық тамақтану нысаны ұйымдастыру. Аумақты абаттандыру.
	Қоғамдық тамақтану нысаны	<p>Қоғамдық тамақтану нысаны салу үшін пайдаланылатын материалдар мыналарды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Қаңқа: ағаш тақтайдан (қарағай) 150×50 мм, қадамы 600 мм, отқа және био қорғау құрамымен өңделген. 2) Жылу оқшаулағыш: Knauf минералды мақтасы, қалыңдығы 50 мм. 3) Мембрана: бу және гидрооқшаулағыш А–В. 4) Шатыр: Доске жұмсақ черепицасы. 5) Сыртқы әрлеу: өңделген брус имитациясы (қарағай). 6) Ішкі әрлеу: лак жағылған және 5 мм сәндік тігісі бар фанера; көрінбейтін аймақтарда — бағытталған-талшықты плита (OSB). 7) Едендер: негізі — бағытталған-талшықты плита, жабындысы — 32-класс ламинат; террасада — маймен өңделген тақтай. 8) Терезелер мен есіктер: поливинилхлорид, 4 мм қос әйнекпакет. 9) Электрика: қимасы 2,5 мм² және 3×1,5 үш талсымды мыс күштік кабель, қорғаныс автоматтары. 10) Сантехника: диаметрі 15–25 мм поливинилхлорид құбырлар, фитингтер, крандар, араластырғыштар. 11) Жылыту: жобаға сәйкес электр конвекторлар және жылы еден. 12) Ас үй: сорғышпен және жуу аймағымен жабдықталған. 13) Терраса: шамамен 100 м² ағаш төсем, 10 мм поликарбонаттан жасалған шатыр. 14) Жоспарлау: жалпы зал, ресепшпен аймағы және бар үстелі, ас үй, жуу аймағы, санитарлық торап, терраса. 15) Пайдалану: конструкция төрт маусымдық пайдалануға есептелген. 16) Дизайн: этноархитектура элементтері бар

		заманауи экостиль.
<p>№ 2 лот. Учаскенің орналасқан жері: Қарабұлақ орманшылығы, Қайыңды шатқалы, 23 квартал, 16 телім. Нысанның атауы: Қоғамдық тамақтану нысаны, ауданы 0,035 га.</p>		
2	Жоспарланатын іс-шаралар	Кәдесый өнімдерін сатуды қоса алғанда қоғамдық тамақтану пунктін ұйымдастыру және қызмет көрсетуші персоналдың уақытша тұруына арналған жеңіл құрылысты шаруашылық блок салу. Аумақты абаттандыру. Дәретханалар, септиктер орнату.
	Қоғамдық тамақтану пункті	<p>Пайдаланылатын материалдар мен конструктивтік шешімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қаңқа: Қимасы 100×100 мм, қабырға қалыңдығы 4 мм болат профильді құбыр прокатынан жасалған металл қаңқа. Түйіндік қосылыстар — дәнекерленген және болтты. Металл антикоррозиялық грунтпен және отқа қарсы құраммен өңделген. 2. Жабындар (аралық жабын): СН РК талаптарына сәйкес есептік жүктемемен металл арқалықтар, төсемі — профлист + монолитті стяжка немесе жобаға сәйкес құрастырмалы конструкция. 3. Жылу оқшаулағыш: Минералды мақта, қалыңдығы 100–150 мм (жылу техникалық есепке сәйкес). 4. Мембраналар: Бу оқшаулағыш және желден қорғайтын мембраналар (А–В типі). 5. Шатыр: Жобаға сәйкес полимерлі жабыны бар металл черепица немесе профилирленген табақ, гидрооқшаулаумен және су ағар жүйесімен. 6. Сыртқы әрлеу: <ul style="list-style-type: none"> • Бүйір және артқы қасбеттер — полимерлі жабыны бар металл сайдинг. • Алдыңғы бөлігі — габиондармен (тас толтырма) толтырылған сәндік металл тор. 7. Ішкі әрлеу: Металл профиль бойынша ылғалға төзімді гипсокартон, шпаклевка және бояу немесе дизайн-жобаға сәйкес сәндік әрлеу. 8. Едендер: Қаптама — 32–33 класс ламинат (зал бөлігінде); ас үй және санитарлық аймақтарда — керамогранит.

		<p>9. Терезелер мен есіктер: Поливинилхлорид профиль, екі камералы шыныпакет (4–16–4–16–4), энергия үнемдейтін әйнек. Кіру есіктері — жылытылған металл.</p> <p>10. Электрмен жабдықтау: Мыс кабель ВВГнг-LS 3×2,5 мм² және 3×1,5 мм². Қорғаныс автоматты ажыратқыштары, тарату қалқаны. LED жарықтандыру.</p> <p>11. Сантехника: Диаметрі 20–32 мм поливинилхлорид/полипропилен құбырлар. Фитингтер, жапқыш арматура, араластырғыштар. Орталықтандырылған немесе автономды желілерге қосылу.</p> <p>12. Жылыту: Жобаға сәйкес электр конвекторлар және «жылы еден» жүйесі. Балама жылыту көзін қосу мүмкіндігі қарастырылған.</p> <p>13. Желдету және ас үй: Жылу жабдықтарының үстінде зонттары бар кәсіби сорғыш жүйе. Жуу аймағы, тағам дайындауға арналған технологиялық аймақ.</p> <p>14. Санитарлық-техникалық жүйелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Су құбырлары — полипропилен/поливинилхлорид Ø20–32 мм. • Кәріз құбырлары — поливинилхлорид Ø50–110 мм, орталық немесе автономды жүйеге шығарылады. • Санитарлық құралдарға (қолжуғыштар, унитаздар, ас үй жуғыштары) арналған шығару тармақтары. • Санитарлық құралдарды орнату: унитаздар, қолжуғыштар, араластырғыштар, сифондар. <p>Санитарлық тораптар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Келушілерге (ерлер/әйелдер) және персоналға арналған бөлек дәретхана бөлмелері. • Қабырғалар мен еден — кафель плиткамен қапталады. • Унитаз, қолжуғыш, айна, желдету жүйесі орнатылады. • Суық/ыстық су құбырлары және кәріз
--	--	---

		шығару желілері тартылады.
<p>№ 3 лот. Учаскенің орналасқан жері: Көлсай орманшылығы, Көлсай шатқалы, 9 квартал, 22 телім (автотұрақ маңында). Объектінің атауы: қоғамдық тамақтану объектісі. Ауданы: 0,005 га.</p>		
3	Жоспарланатын іс-шаралар	<p>Сыйымдылығы 50 орынға дейін (қоса алғанда), тағам дайындау ассортименті шектеулі, сауда және тоңазытқыш жабдықтарымен жабдықталған, көлемі тауарлық көршілік пен сақтау шарттарын сақтай отырып азық-түлік өнімдері мен дайын тағамдарды сақтауға мүмкіндік беретін стационарлық емес қоғамдық тамақтану объектісін орналастыру.</p> <p>Аумақты абаттандыру мыналарды салуды және жабдықтауды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. үстелдер, орындықтар, орындық-скамейкалар, қоқыс жәшіктері, жарықтандыру элементтері; 2. қоршаулар, тұтқалар, тайғанауға қарсы жабындар және қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өзге де құралдар; 3. саркынды суларды қауіпсіз бұруды қамтамасыз ететін су бұру жүйесі; 4. тұтыну қалдықтарын жинауға арналған жабылатын, таңбаланған ыдыстар (контейнерлер). <p>Қоғамдық тамақтану объектісін ұйымдастыру кезінде құрылыстар табиғи экожүйелерді бұзбауы, барынша көзге түспейтін болуы, қоршаған табиғаттан үстем түспеуі және осы аумаққа тән табиғи құндылықтардан назарды аудармауы тиіс.</p>
	Қоғамдық тамақтану пункті	<p>Іргетас (бұрандалы қадалар) Бұрандалы қадалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Диаметрі – 108 мм, ұзындығы – 2,5 м • Орнату қадамы – 2–2,5 м • Саны: 8–10 дана <p>Байланыстыруға арналған металл:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Профильді құбыр 100×100 мм немесе №16 швеллер • Периметрі: 12,19×2 + 2,44×2 ≈ 29,3 м • Көлденең байланыстырғыштар (перемычкалар) ≈ 6–8 м <p>Барлығы металл: шамамен 36–40 жүгіртпе метр.</p> <p>2. Ойықтарды күшейту (терезелер мен есік)</p> <ul style="list-style-type: none"> • 80×40×3 мм профильді құбыр • Тапсырыс берушімен келісу бойынша, эскизге сәйкес <p>3. Жылу оқшаулау (қалыңдығы 100 мм</p>

	<p>минералды мақта)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қабырғалар: $\sim 75 \text{ м}^2$ • Төбе: $\sim 30 \text{ м}^2$ • Еден: $\sim 30 \text{ м}^2$ <p>Жалпы жылу оқшаулау ауданы: $\approx 135 \text{ м}^2$ Калыңдығы 100 мм болған жағдайда: Оқшаулағыш көлемі: $135 \times 0,1 = 13,5 \text{ м}^3$ Шамамен 28–35 қаптама (өндірушіге байланысты).</p>
	<p>4. Бу және гидрооқшаулау</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қаптау ауданы $\approx 135 \text{ м}^2$ • Қабаттастыру (нахлест) есебімен +10–15% <p>Барлығы: 150–160 м^2 оқшаулағыш үлдір</p>
	<p>5. Ішкі қаңқа (металл профиль) Бағыттаушы профиль (UD):</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қабырғалар периметрі: $29,3 \text{ м} \times 2$ (жоғары/төмен) $\approx 60 \text{ м}$ <p>Тік тірек профиль (CD):</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қадамы 600 мм • $75 \text{ м}^2 / 0,6 \approx 125\text{--}130$ жүгіртпе м • Төбе үшін $\approx 60\text{--}70 \text{ м}$ <p>Жалпы профиль көлемі: шамамен 200–220 жүгіртпе м</p>
	<p>6. Ішкі әрлеу Нұсқа: Қалыңдығы 12,5 мм гипсокартон (ГКЛ)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қабырғалар + төбе ауданы $\approx 105 \text{ м}^2$ • Стандарт парақ: $3 \times 1,2 \text{ м} = 3,6 \text{ м}^2$ • $105 / 3,6 \approx 30$ парақ • Қорымен $\rightarrow 33\text{--}35$ парақ • Әрлеу материалы қосымша ұлттық паркпен келісіліп, шпон панель үлгісі негізінде анықталады. <p>2440 × 1220 мм форматында ($\approx 3 \text{ м}^2$):</p> <ul style="list-style-type: none"> • $75 / 3 \approx 25$ парақ • 10% қорымен $\rightarrow 28$ парақ
	<p>7. Еден Қара еден қабаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қалыңдығы 18 мм ылғалға төзімді фанера • Ауданы 30 м^2 • Парақ өлшемі: $1,52 \times 1,52 \text{ м} = 2,3 \text{ м}^2$ • $30 / 2,3 \approx 13$ парақ • Қорымен $\rightarrow 15$ парақ <p>Таза жабын:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ламинат / коммерциялық линолеум • $30\text{--}35 \text{ м}^2$
	<p>8. Электр жүйесі (30 м^2 павильонға арналған</p>

		<p>бастапқы есеп)</p> <ul style="list-style-type: none"> • ВВГнг 3×2,5 кабелі – 80–100 м • 3×1,5 кабелі (жарықтандыруға) – 50–70 м • Автоматтар – 6–8 дана • Қалқанша (щиток) – 1 дана • Розеткалар – 8–12 дана • LED шамдар – 6–8 дана • Сыртқы жарықтандыруды орнату (жасырын), жылы жарық 2000–3000 К-ден аспауы тиіс
		<p>9. Терезелер мен есік</p> <ul style="list-style-type: none"> • ПВХ терезелер – 2 дана • Металл есік – 1 дана • Монтаж көбігі – 5–7 баллон
		<p>10. Бекіткіштер мен шығын материалдары</p> <ul style="list-style-type: none"> • Металлға арналған өздігінен бұрайтын бұрандалар – 2–3 мың дана • Анкерлік болттар – 40–60 дана • Татқа қарсы грунтовка – 10–15 л • Металлға арналған бояу – 10–15 л
		<p>11. Жылыту 30 м² алаң үшін (100 мм жылуокшаулаумен): Қажетті қуат ≈ 3–4 кВт Нұсқалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 2 дана 2 кВт конвектор немесе • 12 BTU сплит-жүйе
		<p>12. Дизайн және интерьер Ішкі әрлеу мен сыртқы келбеті ұлттық парктің брендтеу талаптарын ескере отырып, эскиздік жобалар негізінде немесе жергілікті ландшафтпен үйлесімді түрде келісіліп бекітіледі (қосымша келісілетін болады).</p>
		<p>13. Қосымша – терраса орнату Терраса орнату қарастырылады, оған баспалдақ пен террасаның периметрі бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қоршаулар (перила) орнатылады.</p>
<p>№ 4 лот. Учаскенің орналасқан жері: Көлсай орманшылығы, Көлсай шатқалы, 9 квартал, 22 телім. Объектінің атауы: Бақылау (панорамалық) алаңдары. Ауданы: 0,001 га.</p>		
4	Жоспарланатын іс-шаралар	Төменгі Көлсай көлі маңында туристерге қызмет көрсету және табиғи нысандар мен туристік объектілерді қашықтан бақылауға арналған телескоптар ұсыну арқылы қызмет көрсету мақсатында 2 (екі) бақылау алаңын орнату.

		<p>Аумақты абаттандыру келесілерді салу және жабдықтауды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықтар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақты (ЕҚТА) және бақылау алаңын пайдалану қағидаларын орналастыру орындары; 2. орындықтар, қоқыс жәшіктері, жарықтандыру элементтері; 3. алаңда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған қоршаулар, перилалар, сырғанауға қарсы жабындар және өзге де құралдар; 4. бақылау алаңында бақылауға арналған стационарлық құрылғылар; 5. телескоп орнатуға арналған алаңдар мен құрылғылар. <p>Кәсіби жабдықтар мен тиісті дағдылардың болуы міндетті. Сонымен қатар, учаскені пайдаланушы көрсетілген қызметтер үшін ұлттық парктің ақылы қызмет көрсетуге арналған белгіленген тарифтеріне сәйкес арнайы шотқа қаржы қаражатын аударуға міндеттенеді.</p>
	<p>Бақылау алаңдары</p>	<p>Жабын материалдары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тас төсеме (гранит, базальт); • жоғары беріктікті тротуар плиткасы; • көзі көрмейтін адамдарға арналған тактильді элементтерді кіріктіру мүмкіндігі. <p>Жабынның сипаттамалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • сүрінуді болдырмайтын тегіс әрі біркелкі бет; • жаяу жүргіншілер жүктемесіне төзімділік; • суды тиімді ағызу қабілеті; • аязға және температура ауытқуларына төзімділік. <p>Қауіпсіздік үшін қоршаулар (перила) орнату:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ең төменгі биіктігі — 1,1 м; • Қауіпсіздік талаптары күшейтілген жағдайда — 1,2 м. <p>Материал түрі қоршаған ортаның ландшафты ескеріле отырып, ұлттық паркпен келісіліп бекітіледі (металл бұйымдар — қалыңдығы кемінде 3 мм профильді құбыр).</p> <p>Алаңның функционалдық мүмкіндіктері:</p>

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ бір мезгілде 2–3 адамға жайлы; ✓ күтуге арналған орын; ✓ қауіпсіз қозғалу мүмкіндігі; ✓ жүріп-тұруы шектеулі адамдарға қолайлылық. <p>Жарықтандыру және қосымша элементтер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • LED шамдарын және бағыттаушы ақпараттық тақтайшаларды орнату; • Жарықтандыру көзге түспейтін, тым жарық емес (1500–2000 К). 																
	<p>Телескоптар</p>	<p>Табиғи және туристік нысандарды қашықтан бақылауға арналған телескоптардың сипаттамалары</p> <p>Техникалық сипаттамасы</p> <table style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="text-align: center;">Параметр</th> <th style="text-align: center;">Үлгілік мәні</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Үлкейту</td> <td>7× – 15×</td> </tr> <tr> <td>Объектив диаметрі</td> <td>50 – 100 мм</td> </tr> <tr> <td>Көру өрісі</td> <td>4° – 7°</td> </tr> <tr> <td>Фокустау</td> <td>тұрақты немесе қолмен</td> </tr> <tr> <td>Оптика түрі</td> <td>призмалық (Porro)</td> </tr> <tr> <td>Линзалардың жабыны</td> <td>көпқабатты</td> </tr> <tr> <td>Бақылау қашықтығы</td> <td>бірнеше километрге дейін</td> </tr> </tbody> </table> <hr/> <p>Конструктивтік сипаттамасы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Орнату түрі: стационарлық, металл тірекке бекітілген • Корпус материалы: тот баспайтын болат немесе алюминий • Жабыны: ұнтақты бояу немесе коррозияға қарсы қорғаныс • Бұрылу механизмі: көлденең бағытта 360° • Тігінен еңкею бұрышы: ±30°–45° • Құрылым салмағы: 50–120 кг • Бекіту тәсілі: бетон іргетасқа анкерлік бекіту <hr/> <p>Пайдалану сипаттамасы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жұмыс температурасы: –40°С ... +60°С • Ылғалдан қорғау дәрежесі: IP65 және одан жоғары 	Параметр	Үлгілік мәні	Үлкейту	7× – 15×	Объектив диаметрі	50 – 100 мм	Көру өрісі	4° – 7°	Фокустау	тұрақты немесе қолмен	Оптика түрі	призмалық (Porro)	Линзалардың жабыны	көпқабатты	Бақылау қашықтығы	бірнеше километрге дейін
Параметр	Үлгілік мәні																	
Үлкейту	7× – 15×																	
Объектив диаметрі	50 – 100 мм																	
Көру өрісі	4° – 7°																	
Фокустау	тұрақты немесе қолмен																	
Оптика түрі	призмалық (Porro)																	
Линзалардың жабыны	көпқабатты																	
Бақылау қашықтығы	бірнеше километрге дейін																	

		<ul style="list-style-type: none"> • УК-сәулеге төзімділік • Антивандалдық орындалу • Соққыға төзімді линзалар 										
		<p>Габариттік өлшемдері</p> <table> <thead> <tr> <th>Элемент</th> <th>Өлшемі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Орнату биіктігі</td> <td>1,2 – 1,6 м</td> </tr> <tr> <td>Тірек диаметрі</td> <td>80 – 150 мм</td> </tr> <tr> <td>Тұғыр өлшемі</td> <td>шамамен 400×400 мм</td> </tr> <tr> <td>Қызмет көрсету аймағы кемінде</td> <td>2×2 м</td> </tr> </tbody> </table>	Элемент	Өлшемі	Орнату биіктігі	1,2 – 1,6 м	Тірек диаметрі	80 – 150 мм	Тұғыр өлшемі	шамамен 400×400 мм	Қызмет көрсету аймағы кемінде	2×2 м
Элемент	Өлшемі											
Орнату биіктігі	1,2 – 1,6 м											
Тірек диаметрі	80 – 150 мм											
Тұғыр өлшемі	шамамен 400×400 мм											
Қызмет көрсету аймағы кемінде	2×2 м											
	<p>Туристерге қызмет көрсетуге арналған кәсіби жабдықтар</p>	<p>Туристерге қызмет көрсетуге арналған кәсіби жабдықтардың сипаттамасы</p> <p>Стационарлық бақылау бинокльдері</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үлкейтуі: 7×–15× • Антивандалдық металл корпус • 360° бұрылу мүмкіндігі • Ылғалдан қорғау дәрежесі IP65+ • Монета қабылдағыш (қажет болған жағдайда) • Жұмыс температурасы: –40...+60°С • Мақсаты: панорамаларды, табиғи ландшафттарды шолу <p>Интерактивті терминалдар</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сенсорлы экран (антивандалдық) • Қорғаныс дәрежесі IP65 • Интернетке қосылу мүмкіндігі • Көптілді интерфейс <p>Төлем және билет терминалдары</p> <ul style="list-style-type: none"> • Банктік карталарды қабылдау • Қорғалған корпус • Онлайн-касса • Есеп жүйесімен интеграциялау 										
<p>№ 5 лот. Учаскенің орналасқан жері: Көлсай орманшылығы, Көлсай шатқалы, 9 квартал 22 телім. Объектінің атауы: Шатырлы лагерьлер, ауданы 1 га.</p>												
5	<p>Жоспарланатын іс-шаралар</p>	<p>Шатырлы лагерь ретінде ұсынылған учаскеде 10 киіз үй орнату жоспарлануда.</p> <p>Аумақты жайластыру:</p>										

		<p>1) тамақ дайындауға арналған орындар, 2) қалқалар, 3) орындықтар, 4) үстелдер, 5) септигі бар дәретханалар, 6) қоқыс жинағыштар.</p>
	Шатырлы лагерьгер (киіз үй)	<p>Киіз үй салуға қолданылатын материалдар: 1) Қаңқа: бөлшектелетін болат қаңқа, болат профилінен; қосылыстар бұрандалы / қыстырмалы; коррозияға қарсы жабынды (бояу / цинклеу). 2) Қабырғалық бөлік: болат тор кереге (секциялық / бүктелетін). 3) Күмбез: болат шанырақ + уыки (шатыр элементтері) болат профильден. 4) Бекіту: белдік белдіктер / жоғары беріктіктегі строптар, бекіткіш фурнитура (кергіштер, карабиндер). 5) Жабынды: сыртқы тент (тент материалы поливинилхлорид немесе полиэстермен қапталған), күшейтілген тігістер, люверс. 6) Есіктер: кірісесігі (ағаш немесе болат — комплектацияға байланысты). 7) Бекіту: тартқыштар / шатырлер немесе подиумға бекіту (анкелер / бұрыштар — негіз болса). 8) Оқшаулау / мембраналар / санитарлық торап: қарастырылмаған (стандарты жазғы комплектация). 9) Еден және электрлік жабдық: кірмейді (қосымша опция ретінде мүмкін). 10) Қолдану: маусымдық (көктем – жаз – күз).</p>
<p>№ 6 лот. Участкениң орналасқан жері: Көлсай орманшылығы, Көлсай шатқалы, 9 квартал, 22 телім. Нысан атауы: Туристерге қызмет көрсету нысаны, жалпы алаңы – 0,003 қ га.</p>		
6	Жоспарланатын іс-шаралар	<p>Ұсынылған учаскеде туристерге қызмет көрсетуге нысаны ретінде кәдесый дүкенін орнату ұсынылады. Аумақты жайластыруға мыналар кіреді: витриналар, үстелдер, орындықтар және қоқыс жинағыштар кіретін кәдесый дүкенін орнатуға арналған орын.</p>
	Сувенирная лавка	<p>Іргетас (бұрандалы қадалар) Бұрандалы қадалар: • Диаметрі 108 мм, ұзындығы 2,5 м • Қадам аралығы 2–2,5 м Саны: 6–8 дана</p> <p>Байлау үшін металл: • Профильді құбыр 100×100 мм немесе №16 швеллер • Периметрі: 6×2 + 5×2 ≈ 22 м • Көлденең байланыстар ≈ 5–6 м Барлығы металл: 27–30 пог.м</p>

		<p>Қаңқа: 100×50 мм, 50×50 мм және 50×25 мм өлшемді профильді шаршы құбырлардан дәнекерленген металл қаңқа.</p> <p>Шатыр: Бір еңісті, мырышталған профнастил. Фермалар 60×40 мм және 40×40 мм профильді шаршы құбырлардан жасалған. Жылуоқшаулауы – қалыңдығы 100 мм минералды плита, фольгалы жылу шағылыстырғыш пленка және бу тосқауыл пленкасы.</p> <p>Сыртқы әрлеу: L-Брус металлосайдингімен қапталады, RAL түсі РГУ «ГНПП «Көлсайкөлдери» келісімі бойынша.</p> <p>Ішкі әрлеу: ОСБ және ламинатталған МДФ-пен қапталады. Төбесі – полимер жабыны бар металлосайдинг, қалыңдығы 0,45 мм, RAL (ақ түс). Жылуоқшаулауы – 50 мм минералды плита, фольгалы пленка және бу тосқауыл пленкасы.</p> <p>Еден: Суықтай илектелген болат табақ, қалыңдығы 0,4 мм. Жылуоқшаулауы – 100 мм минералды плита. Қалыңдығы 12 мм фанера және жартылай коммерциялық линолеум. Фольгалы пленка және бу тосқауыл пленкасы.</p> <p>Электрмен жабдықтау: Жарық шамы, қос розеткалар, автомат және кабель-арнаға салынған сымдар.</p> <p>Витраждар: Алюминий витраж. Өлшемдері: – Алдыңғы беті – 3750 мм × 2500 мм – Бүйір жағы №1 – 3900 мм × 2500 мм – Бүйір жағы №2 – 3900 мм × 2500 мм Түсі РГУ «ГНПП «Көлсайкөлдери» келісімі бойынша.</p> <p>Есік: Жылы сериялы алюминий профильден, саны – 1 дана. Түсі РГУ «ГНПП «Көлсайкөлдери» келісімі бойынша. Ішкі есік – 2 дана.</p> <p>Қасбетінде «Кәдесыйлар. Souvenirs» деген жазу болуы тиіс.</p> <p>Өрт және күзет дабыл жүйесі: ҚР ҚН 2.02-01-2019 талаптарына сәйкес. Бұрын пайдаланылған, қалпына келтірілген, қайта өңделген немесе қандай да бір түрде өзгертілген жабдықтарды қолдануға жол берілмейді. Монтаж</p>
--	--	--

		жұмыстары іргелес қабырғаларға және инженерлік коммуникацияларға зақым келтірмей, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып, ұқыпты жүргізілуі тиіс. Жұмыс аяқталғаннан кейін аумақ қоқыстан тазартылып, тиісті тәртіпке келтіріледі.
--	--	---

Утверждено
Приказом директора
РГУ ГНПП «Көлсай көлдері»
от « » 2026 г.
№

**Конкурсная документация
на предоставление участков РГУ «Государственный
национальный природный парк «Көлсай көлдері»
в краткосрочное пользование**

Глава 1. Введение

Настоящая конкурсная документация для потенциальных участников конкурса, предоставляемая организатором конкурса, лицам изъявившим желание участвовать в конкурсе на получение участков в краткосрочное пользование под размещение временных объектов (палаточные лагеря, объекты общественного питания, бивачные поляны и смотровые площадки, пляжи, лодочные станции, пункты проката велосипедов и водных видов транспорта и пляжного инвентаря) с учетом норм рекреационных нагрузок, стационарных пасек со строительством временных строений, необходимых для занятия пчеловодством, за исключением участков, на которых расположены объекты историко-культурного наследия. Участки предоставляются на туристских тропах, маршрутах, а также отдельно от них в соответствии с генеральным планом развития инфраструктуры экотуризма.

